

**«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
және «Орталық мемлекеттік архив» РММ арасындағы
өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Алматы қ.

18 қараша 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Дүкенбаев Нұрлан Мұсағалиұлы бір тараптан және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» РММ (бұдан әрі – Архив) атынан Жарғы негізінде әрекет етуші директор Шілдебай Сәбит Қамытбекұлы екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп атала отырып, тараптардың ғылыми-зерттеу және мәдени байланыстарын тереңдету мақсатында төмендегі баптардан тұратын ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) қабылдады:

1. Мақсаты

Осы Меморандум мақсаты – тараптар арасындағы ғылыми-зерттеу, білім беру, біліктілікті жетілдіру, экспедициялық, көрмелер, тарихи-мәдени, рухани бағыттағы ынтымақтастықты орнату және дамыту.

2. Ынтымақтастық бағыттары

Тараптар мүдделері үйлескен кезде келесі бағыттар бойынша өзара әріптестік орнатуға келісті:

2.1. Ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және іске асыру;

2.2. Архив қорындағы Қожа Ахмет Ясауи мұрасы бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу;

2.3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және айналасындағы жерленген тұлғалар бойынша бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

2.4. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, көрмелер өткізу және қатысу;

2.5. Архивтік құжаттар және қолжазба материалдарының көшірмелерімен алмасу;

2.6. Бірлескен ғылыми жобалар мен бағдарламаларды ұйымдастыру, сондай-ақ, өзара зерттеу бағыттары бойынша материалдар мен нәтижелерді (жетістіктерді) ұсыну, басылымдарда ғылыми жарияланымдар ұйымдастыру;

2.7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау бойынша кеңес беруді жүзеге асыру;

2.8. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдамаларды ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар және мамандармен алмасу;

2.9. Ғылыми ақпаратпен, құжаттамамен, қолжазбалар, әдебиет және библиографиялық басылымдармен алмасу, сондай-ақ жекелеген мәліметтер көшірмелерін жасауды ақылы негізде кезексіз алуға мүмкіндік беру;

3. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамаларында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың өзге де нысандарын пайдалану.

3. Меморандумның сипаты

3.1. Осы Меморандум – тараптардың ынтымақтастыққа ниетті екенін білдіретін, заңды міндеттемелер жүктемейтін құжат болып табылады.

3.2. Ынтымақтастық шеңберінде нақты жобалар қосымша келісімдер мен шарттар арқылы жүзеге асырылады.

4. Меморандумның қолданылу мерзімі

4.1. Меморандумға қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзімге жасалады.

4.2. Меморандум тараптардың келісімі бойынша мерзімі ұзартылуы мүмкін.

4.3. Тараптардың біреуі жазбаша ескерту жасаған жағдайда, Меморандум күшін жояды.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Меморандум қазақ тілінде екі данада жасалды.

5.2. Барлық мәтіндер бірдей заңдық күшке ие.

Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы,
Түркістан қаласы,
Әмір Темір көшесі, 53 А
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық
тарихи-мәдени музей-қорығы»

РМҚК директоры м.а.

Н.М. Дүкенбаев

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 39/38.
«Орталық мемлекеттік архив»
РММ директоры

С.Қ. Шілдебай

